

## 1997 жылға арналған республикалық бюджет туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 31 желтоқсан N 59-I

1-бап. 1997 жылға арналған республикалық бюджет қосымшаға сәйкес кірістері бойынша - 186668929 мың теңге, алынған ресми трансферттер бойынша - 922000 мың теңге, шығыстары бойынша - 228877075 мың теңге, таза несие беру бойынша - 22387852 мың теңге республикалық бюджет тапшылығының шекті мөлшері - 63673998 мың теңге немесе жалпы ішкі өнімнің 3,66 проценті болып бекітілсін.

Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық бюджеттің шығыстарын ведомстволық сыныптамаға сәйкес арнап бөлуді жүзеге асыратын болсын.

1997 жылға арналған республикалық бюджеттің тапшылығын жабудың көздері:

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің несиесі 2500000 мың теңге сомасында;

заемдардың негізгі сомасының өтелуін ескере отырып олардан түсетін түсім 61173998 мың теңге мөлшерінде;

ЕСКЕРТУ. 1-бапта өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.18. N 129 Заңымен.

Z970129\_

2-бап. 1997 жылға арналған республикалық бюджетке түсімдер: жергілікті бюджеттерге аударылатын сомаларды қоспағанда, төлем көзінен ұсталатын заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы мен жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы;

бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салынатын салық;

қосылған құнға салынатын салық;

шикі мұнай мен бензинге салынатын акциздер;

бонустар, роялти және жер қойнауын пайдаланушылардан алынатын

үстеме пайдаға салынатын салық;  
кеден төлемдері;  
мемлекетке тиесілі акциялар пакеттеріне дивидендтерден түсетін түсімдер;  
бюджет қаражаты есебінен заемдар мен несиелер берілгені үшін алынған проценттер;  
"Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін алынатын жалгерлік төлем;  
салыққа жатпайтын басқа да түсімдер;

мемлекеттік резерв қорларынан тауарлы-материалдық қазыналарды сатудан алынатын қаражат түсімдері астық сатудан алынатын қаражат түсімдері;  
жекешелендіруден алынатын қаражат түсімдері есебінен қалыптасатын болып белгіленсін.

3-бап. Қоршаған табиғи ортаны ластағаны үшін алынатын төлемдер мен Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңдарын бұзғаны үшін салынатын айыппұл санкциялары есебінен құралатын Республикалық табиғат қорғау қоры олардың түсімдері көлемінің 30 проценті мөлшерінде, республикалық және аймақаралық табиғат қорғау шараларын қаржыландыру мақсаттары үшін республикалық бюджеттің кірістері құрамына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Республикалық табиғат қорғау қорының міндеттерін іске асыру бойынша жұмсалатын шығындарды олардың нақты түсімдері көлемінің 60 проценті мөлшерінде қаржыландыруды жүзеге асыратын болсын.

4-бап. Мемлекеттік меншікті жекешелендіруден 30969898 мың теңге сомасында қаражат түсімі, сондай-ақ мемлекетке тиесілі акциялар пакеттеріне 2200000 мың теңге сомасында дивидендтер түсімі көзделсін.

ЕСКЕРТУ. 4-бап. өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.18. N 129 Заңымен. Z970129\_

5-бап. 1997 жылға жалпы мемлекеттік салықтардан түсетін түсімдердің жалпы сомасын облыстар мен Алматы қаласының бюджеттеріне мынадай мөлшерде бөлу белгіленсін:

а) заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша:  
Ақмола облысына - 45 процент, Ақтөбе - 50, Атырау - 10, Шығыс Қазақстан облысына - 100, Қарағанды облысына - 65, Қостанай облысына - 100, Маңғыстау - 10, Павлодар - 5 процент, Алматы, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарына - 100 проценттен, Алматы қаласы

бойынша - толығымен республикалық бюджетке;

б) төлем көздерінен ұсталатын жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша:

Атырау облысына - 22 процент, Алматы қаласына - 35, Маңғыстау облысына - 58, ал қалған облыстарға - 100 проценттен бөлінсін.

ЕСКЕРТУ. 5-бап. өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.18. N 129 Заңымен.

Z970129\_

6-бап. Жергілікті бюджеттердің кірістеріне:

жергілікті салықтар мен алымдар;

кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы;

республикалық бюджетке аударылатын сомаларды қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы;

республикалық бюджетке аударылатын сомаларды қоспағанда, төлем көздерінен ұсталатын жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы;

республикалық бюджетке аударылатын сомаларды қоспағандағы акциздер;

орманды пайдалану ақысы;

су ақысы;

коммуналдық меншіктегі мүлікті жалға беруден алынатын кіріс;

әкімшілік айыппұлдар мен санкциялардан түсетін түсімдер;

мемлекеттік баждар;

полигондарды пайдалану үшін төленетін жалдау ақысы;

жер учаскелерін жалға беруді қоса алғанда меншік құқығын және жер пайдалану құқығын сатудан түсетін түсімдер;

қоршаған табиғи ортаны ластағаны үшін төленетін төлемдердің

және табиғат қорғау заңдарын бұзғаны үшін салынатын айыппұл

санкцияларының 70 проценті мөлшерінде жергілікті табиғат қорғау қорларына түсетін түсімдер;

республикалық бюджетке аударылатын сомаларды қоспағанда, салыққа жатпайтын басқа да түсімдер түседі деп белгіленсін.

7-бап. 1997 жылы облыстардың бюджеттеріне 25743955 мың теңге сомасында трансферттер бөлінсін, соның ішінде:

Алматы облысына	- 7103483
Жамбыл облысына	- 2909825
соның ішінде:	
Қаратау қаласына	- 300000
Жаңатас қаласына	- 350000
Батыс Қазақстан облысына	- 1429305
Қызылорда облысына	- 2456339
Солтүстік Қазақстан облысына	- 3527389
Шығыс Қазақстан облысына	- 3612458
Оңтүстік Қазақстан облысына	- 4705156
соның ішінде:	
Кентау қаласына	- 127000.

1997 жылы Қарағанды облысы Приозерск қаласының әлеуметтік инфрақұрылымын қолдау үшін 140000 мың теңге сомасында трансферттер көзделсін.

Қазақстан Республикасының Үкіметі облыстардың Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген көрсеткіштерді орындауына қарай және олардың аумағында жұмыс істейтін арнайы экономикалық аймақтарды ескере отырып, облыстардың бюджеттеріне трансферттер беру механизмін жасайтын болсын.

ЕСКЕРТУ. 7-бап. өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының  
1997.06.18. N 129 Заңымен. Z970129\_

8-бап. 1997 жылдың 1 қаңтарынан бастап міндетті әлеуметтік сақтандыру жарналары заңды тұлғалар үшін (шетел қатысатын заңды тұлғаларды қоса алғанда) және Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбекке ақы төлеу қорына қатысты бөлігінде шетелдік заңды тұлғалардың өкілдіктері үшін еңбекке ақы төлеу қорының 30 проценті мөлшерінде белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Мүгедектер ерікті қоғамы, Қазақ зағиптар қоғамы, Қазақ саңыраулар қоғамы үшін, сондай-ақ осы қоғамдардың меншігі болып табылатын және солардың қаражаты есебінен құрылған, мүгедектер жұмыс істеушілердің жалпы санының кемінде 50 проценті болатын өндірістік және оқу-өндірістік ұйымдары, зейнеткерлер кәсіпорындарының Республикалық "Ардагер" бірлестігі, сондай-ақ осы бірлестіктің меншігі болып табылатын және соның қаражаты есебінен құрылған, зейнеткерлер ғана жұмыс істейтін өндірістік, оқу-өндірістік ұйымдар үшін, Ауғанстандағы соғыс ардагерлерінің Қазақ республикалық ұйымы кәсіпорындарының Республикалық бірлестігі (өндірістік ұйымдарсыз) үшін, адвокаттар төралқасы, Ауғанстандағы соғыс мүгедектерінің ерікті қоғамы (өндірістік ұйымдарсыз), "SOS Қазақстанның балалар деревнясы" Балалардың қайырымдылық қоры, Қызыл Жарты Ай және Қызыл Крест қоғамы үшін бұл жарнаның мөлшері еңбекке ақы төлеу қорының 5 проценті болады.

Заңды тұлғалар құрмай кәсіпкерлік және басқа да қызметпен шұғылданатын жеке тұлғалар міндетті әлеуметтік сақтандыруға, ай сайын әр қызметкер үшін алынатын бір айлық есепті көрсеткіш мөлшерінде жарна төлейді.

Міндетті әлеуметтік сақтандыруға төленетін жарнаның жалпы сомасы мемлекеттік қорлар арасында мынадай нормативтер бойынша бөлінсін: Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына - 85 процент, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорына - 10 процент және мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына - 5 процент.

Халықтың жұмыс істемейтін бөлігіне сақтандыру төлемдері түрінде беру үшін облыстардың және Алматы қаласының бюджеттері құрамында Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорының облыстық және Алматы қалалық бөлімшелеріне қаржы бөлу көзделгені ескерілсін.

9-бап. 1997 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры жұмыс берушілердің (шетел қатысатын заңды тұлғаларды және Қазақстан Республикасы азаматтарының жалақы қоры бөлігінде шетелдік заңды тұлғалардың өкілдіктерін қоса алғанда) міндетті сақтандыру жарналарының есебінен еңбекке ақы төлеу қорының 2 проценті мөлшерінде; мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын ұйымдар үшін, Ауғанстандағы соғыс мүгедектері ерікті: қоғамы (өндірістік ұйымдарсыз), "SOS Қазақстан Балалар деревнясы" Балалар қайырымдылық қоры,

Қызыл Жарты Ай және Қызыл Крест қоғамы үшін - еңбекке ақы төлеу қорының 1 проценті мөлшерінде құрылатын болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Мүгедектер ерікті қоғамының, Қазақ саңыраулар қоғамының, Қазақ зағиптар қоғамының ұйымдары, сондай-ақ осы қоғамдардың меншігі болып табылатын және солардың қаражаты есебінен құрылған, мүгедектер жұмыс істеушілердің жалпы санының кемінде 50 проценті болатын өндірістік, оқу-өндірістік

ұйымдары Қазақстан Республикасы Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына сақтандыру жарнасын төлеуден босатылсын.

Қоныс аудару шаралары жөніндегі шығыстарды қаржыландыру жыл сайын белгіленетін иммиграция квотасы бойынша жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

10-бап. Жалақының ең төменгі мөлшері былайша белгіленсін:

1997 жылғы 1 қаңтардан - 2030 теңге;

1997 жылғы 1 сәуірден - 2060 теңге;

1997 жылғы 1 шілдеден - 2085 теңге;

1997 жылғы 1 қазаннан - 2340 теңге.

11-бап. Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес зейнетақыларды, жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын қолдану, салық және басқа төлемдер үшін ай сайынғы есеппен алғанда мынадай мөлшерде есепті көрсеткіш белгіленсін:

1997 жылғы 1 қаңтардан - 550 теңге;

1997 жылғы 1 сәуірден - 565 теңге;

1997 жылғы 1 шілдеден - 585 теңге;

1997 жылғы 1 қазаннан - 620 теңге.

12-бап. 1997 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік тапсырыстың негізінде өндірістен қол үзіп оқитын аспиранттардың ай сайынғы стипендиясының мөлшері ғылыми атағы жоқ кіші ғылыми қызметкердің лауазымдық оклады деңгейінде белгіленсін.

13-бап. Жоғары оқу орындарында мемлекеттік тапсырыс шеңберінде оқитын студенттерге стипендия мынадай мөлшерде белгіленсін:

1997 жылғы 1 қаңтардан - 1180 теңге;

1997 жылғы 1 сәуірден - 1250 теңге;

1997 жылғы 1 қыркүйектен - 1350 теңге.

Арнаулы орта оқу орындарының мемлекеттік тапсырыс шеңберінде оқитын оқушыларына стипендия мемлекеттік жоғары оқу орындары студенттері стипендиясы мөлшерінің 80 проценті көлемінде белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Үкіметі студенттерге стипендия төлеу тәртібін ж а с а с ы н .

14-бап. Республиканың жоғары және арнаулы орта оқу орындарында мемлекеттік тапсырыс шеңберінде басқа қалалардан келіп оқитын күндізгі бөлім студенттері мен оқушылары үшін 1997 жылы каникул кезінде қалааралық қатынастағы темір жол, су жолы және автомобиль көліктерінде (жылына екі рет барып-қайтуына) жеңілдікпен жүру тиісті бюджеттер қаражаты есебінен жолақы құнының 50 проценті мөлшерінде с а қ т а л с ы н .

15-бап. 1997 жылғы 1 қаңтардан бастап балалары бар отбасыларына берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақының мөлшері оны тағайындау мен төлеудің қолданылып жүрген тәртібі сақталып, есепті көрсеткіштен процент есебімен былайша б е л г і л е н с і н :

балалардың жасына қарай берілетін бірыңғай жәрдемақы: 3 жасқа дейін - 125 процент, 3 жастан 18 жасқа дейін - 130 процент;

мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің балаларына берілетін жәрдемақы - 130 п р о ц е н т ;

жасанды иммунды тапшылық синдромын жұқтырған немесе СПИД-пен ауыратын балаларға берілетін жәрдемақы - 130 процент;

төрт және одан да көп 7 жасқа толмаған балалары бар, жұмыс істемейтін көп балалы аналарға берілетін жәрдемақы - 100 процент.

Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларға жәрдемақы тоқсан сайын: бірінші тоқсанда - 3875 теңге, екінші тоқсанда - 4070 теңге, үшінші тоқсанда - 4230 теңге және төртінші тоқсанда - 4445 теңге төленетіні ескерілсін.

Бала туғанда есепті көрсеткіштің төрт еселенген мөлшерінде бір рет берілетін жәрдемақы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен төленеді.

Жерлеуге арналған жәрдем отбасы мүшелеріне немесе жерлеуді ұйымдастырушы адамдарға жұмыс істеген азаматтар үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен есепті көрсеткіштің он есе мөлшерінде, зейнеткерлер үшін - Зейнетақы қорының қаражаты есебінен есепті көрсеткіштің он есе мөлшерінде және Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері үшін Зейнетақы қорының қаражаты есебінен есепті көрсеткіштің отыз бес есе мөлшерінде төленеді.

16-бап. Экологиялық апаттың салдарынан мүгедек болған адамдарға және асыраушысынан айырылған отбасыларына - "Арал өңіріндегі экологиялық апаттың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы N 1468 Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992, N 13-114, 348-құжат; 1994 ж., N 8, 140-құжат) 13-бабының 2-тармағының 5 тармақшасына сәйкес нұқсан үшін 8 000 мың теңге мөлшерінде бір жолғы өтемақы;

зейнеткерлерге - ядролық сынақтар келтірген нұқсан үшін "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы N 1787 Заңының (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992, N 23, 560-құжат; 1994 ж., N 8, 140-құжат) 12-бабының бірінші бөлігінің бірінші, үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы абзацтарына сәйкес және осы Заңның 5, 6, 7, 8 және 9-баптарында көрсетілген аймақтарда тұрған адамдарға 500 000 мың теңге мөлшерінде бір жолғы ақшалай өтемақы төлеуге шығындар көздесін.

17-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік қызметшілерді зейнетақымен қамтамасыз ету тәртібі туралы ережені бекіту жөніндегі" 1996 жылғы 17 маусымдағы N 3037 Жарлығына сәйкес мемлекеттік қызметшілерге зейнетақы төлеуге 42424 мың теңге сомасында қаржы бөлу көзделсін.

Облыстар мен Алматы қаласы бюджеттерінің шығыстары құрамында нақ осы мақсаттарға тиісті қаржы бөлу көзделді деп белгіленсін.

18-бап. Ғылыми зерттеулерге жұмсалатын шығыстарды 3937824 мың теңге сомасында қаржыландыру, соның ішінде ғылыми жобаларды сыртқы гранттар есебінен қаржыландыруға олардың нақты келіп түсуіне қарай бөлінетін 922000 мың теңге к о з д е л с і н .

19-бап. 1997 жылғы 1 қаңтардан бастап облыстық, қалалық және аудандық ішкі істер басқармаларының (бөлімдерінің) барлық функционалдық және құрылымдық бөлімшелерін, сондай-ақ басқа да құқық қорғау органдарының мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін ұстау жергілікті бюджеттердің есебінен жүргізіледі деп б е л г і л е н с і н .

20-бап. Әскери мүлікті жалдаудан немесе сатудан алынған қаражат, жалдау қызметін көрсетуге және мүлікті сатуға жұмсалған шығыстарды шегеріп тастай отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіппен Қарулы Күштердің мұқтаждарына пайдаланылатын болып белгіленсін.



21-бап. Мемлекеттік телерадио хабарларын тарату жөнінде көрсетілетін байланыс қызметінің ақысын төлеуге 2909653 мың теңге сомасында қаржы бөлініп, оның 398000 мың теңгесін телерадио хабарларын таратудың ұлттық спутник жүйесін енгізуге бөлу көзделсін.

22-бап. Газеттерге, журналдарға мемлекеттік қолдау көрсетуге және әлеуметтік мәні бар әдебиет шығаруға 735000 мың теңге сомасында қаржы бөлу көзделсін.

23-бап. Мұхтар Әуезовтің туғанына 100 жыл толуын мерекелеуге 143000 мың теңге және Түркістан қаласының 1500 жылдығын мерекелеуге әзірлік үшін 270000 мың теңге сомасында қаржы бөлу көзделсін.

24-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жаңа тұрғын үй саясаты туралы" 1993 жылғы 6 қыркүйектегі N 1344 Жарлығы (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 35, 405-құжат) бойынша шараларды жүзеге асыру үшін екінші деңгейдегі банктерге 2920000 мың теңге сомасында, оның ішінде мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін қаражат есебінен 4 процент мөлшерінде қаржы бөлу көзделсін.

Мемлекеттік меншіктің жекешелендіруден түсетін қаражатты аудару оның бюджетке келіп түсуіне қарай жүзеге асырылсын.

ЕСКЕРТУ. 24-бап. өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.18. N 129 Заңымен. Z970129\_

25-бап. Ұйымдарды санациялау және оңалту жөніндегі шаралар жүргізуге 5090690 мың теңге сомасында; мониторингті жүзеге асыру мен шағын және орта бизнес инфрақұрылымын дамытуға 50000 мың теңге сомасында; Ауыл шаруашылығын қаржы беріп қолдайтын мемлекеттік қорға 4889000 мың теңге сомасында; басымдық берілген объектілерді қаржыландыруға, соның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне тиімділігі жоғары инвестициялық жобаларды қаржыландыруға, сондай-ақ сырттан тартылатын шетелдік заемдар жөніндегі жобаларды бірлесе отырып қаржыландыруға берілетін несиелерді 7406022 мың теңге сомасында; Қорғаныс өнеркәсібін дамыту және конверсиялау бағдарламасын іске асыруға 600000 мың теңге сомасында қаражат бөлу көзделсін.

ЕСКЕРТУ. 25-бап. өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.18. N 129 Заңымен. Z970129\_

26-бап. Мемлекеттік геологиялық зерттеуге және жер қойнауын қорғауға 1154000

мың теңге сомасында және Үкіметтің арнаулы шешімдері бойынша жүргізілетін, жер қойнауын пайдаланушылар өтейтін іздестіру-бағалау жұмыстарына 172000 мың теңге сомасында шығыстарды

қаржыландыру жүзеге асырылсын.

Геологиялық ақпаратты өткізуден (айырбастаудан, сатудан) түсетін қаражат республикалық бюджетке аударылатын болып белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 26-бап. өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.18. N 129 Заңымен.

Z970129\_

27-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алуы нәтижесінде пайда болған мемлекеттік қарызға қызмет көрсетуге жалпы сомасы 13147822 мың теңге қаржы бөлу көзделсін.

ЕСКЕРТУ. 27-бап. өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.18. N 129 Заңымен.

Z970129\_

28-бап. Лизинг операцияларына 800000 мың теңге сомасында несие ресурстары көзделсін.

Қазақстан Республикасының Үкіметі осы шарттармен техника әкелуді ұйымдастыруға қаражат бөлу тәртібін белгілейтін болсын.

ЕСКЕРТУ. 28-бап. өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.18. N 129 Заңымен.

Z970129\_

29-бап. Ішкі республикалық есепке алу нәтижелері және директивалық несиелер бойынша 713900 мың теңге сомасындағы берешекті;  
Ауыл шаруашылығын қаржы беріп қолдайтын мемлекеттік қорға

берілген несиелер бойынша 3200000 мың теңге сомасындағы берешекті;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне берілген 2700000 мың теңге сомасындағы несиені өтеуден алынатын қаражат республикалық бюджетке түсетін болып белгіленсін.

30-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "1996 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 60 жасқа толған азаматтардың Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкіндегі салымдарына өтем жасау туралы" 1996 жылғы 20 мамырдағы N 2988 Жарлығын (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 19, 161-құжат) іске асыруға Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкіне 3300000 мың теңге сомасында қаржы бөлу көзделсін.

31-бап. 1997 жылғы 31 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алуы нәтижесінде пайда болған мемлекеттік қарыздың лимиті 228000000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 31-бап. өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.18. N 129 Заңымен.

Z970129\_

32-бап. 1997 жылы Қазақстан Республикасының беретін мемлекеттік кепілдіктер лимитінің жалпы сомасы 7740000 мың теңге болып

белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 32-бап. өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының  
1997.06.18. N 129 Заңымен.

Z970129\_

33-бап. Қазақстан Республикасының Үкіметі өткен жылдарда алынған несиелер бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алдындағы мемлекеттік ішкі борышты 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап оларды он жылдық айналыс мерзімімен мемлекеттік бағалы қағаздар етіп қайта ресімдесін.

34-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен бұрын алынған сыртқы несиелерді өтеуге және оларға қызмет көрсетуге 10104399 мың теңге көзделсін.

ЕСКЕРТУ. 34-бап. өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының  
1997.06.18. N 129 Заңымен.

Z970129\_

35-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қоры 3260700 мың теңге сомасында, соның ішінде төтенше жағдайлар мен шараларды, оған қоса табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды қаржыландыруға 1860700 мың теңге сомасында бекітілсін.

36-бап. 1998 жылғы 1 қаңтардан республикалық бюджет бойынша нақты ақшаның

айналыстағы резервінің мөлшері 500000 мың теңге сомасында бекітілсін.

37-бап. 1997 жылға арналған республикалық бюджетті атқару барысында жалақы төлеуге байланысты шығындар, міндетті әлеуметтік сақтандыруға төленетін жарналар, стипендиялар, зейнетақылар және республикалық бюджет есебінен ұсталатын ұйымдарда тамақтандыруға жұмсалатын шығындар секвестрлеуге жатпайды деп белгіленсін. Зейнетақыларды төлеу жөніндегі борыштарды жабуға жұмсалатын ресми т р а н с ф е р т т е р .

ЕСКЕРТУ. 37-бап. өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының  
1997.06.18. N 129 Заңымен. Z970129\_

38-бап. Зейнетақыларды төлеу жөніндегі берешекті жабуға жұмсалатын ресми трансферттердің көлемі Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мерзімде 36000000 мың теңге сомасында бекітілсін.

39-бап. Республикалық бюджетке кірістер толық түспеген жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметіне республикалық бюджеттің тапшылығы мен мемлекеттік борыштың лимитін қаражатты зейнетақылар төлеу жөніндегі берешекті өтеуге жұмсай отырып, осы Заңның 1 және 31-баптарында белгіленген мөлшерден тыс, жалпы ішкі өнімнің 0,5 процентіне дейін қосымша өсіруге рұқсат етілсін.

ЕСКЕРТУ. 38 және 39-баптармен толықтырылды - Қазақстан  
Республикасының 1997.06.18. N 129 Заңымен. Z970129\_

Қазақстан Республикасының  
Президенті

"1997 жылға арналған

республикалық бюджет туралы"  
Қазақстан Республикасының  
Заңына қосымша  
1997 ж. 31 желтоқсан  
N 59 ҚРЗ

ЕСКЕРТУ. Қосымша жаңа редакцияда жазылды - Қазақстан Республикасының  
1997.06.18. N 129 Заңымен.

Z970129\_

Қазақстан Республикасының 1997 жылға арналған  
республикалық бюджеті

Санаты

Сыныбы

Ішкі сыныбы

Ерекшелігі

Сомасы

Атауы

(мың теңге)

1	2	3	4	5	6
				1. Кірістер	186668929
1				Салық түсімдері	127656024
1				Кірістерге және капитал өсіміне салынатын табыс салығы	29882045
1				Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы	23418185
1				Резидент-заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы	20932077
3				Резидент-заңды тұлғалардан төлем көзінен ұсталатын табыс салығы	2486108
2				Жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы	6463860
1				Жеке тұлғалардан төлем көзінен ұсталатын табыс салығы	6463860
4				Меншікке салынатын салықтар	553250
2				Бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салынатын салық	553250
1				Бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салынатын салық	553250
5				Тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге салынатын	88900729

ішкі салықтар

1	Қосылған құнға салынатын салық	65580000
1	Ішкі өндіріс тауарларына және жұмыстар мен қызметтерге салынатын қосылған құн салығы	56090000
2	Қазақстан Республикасының аумағына сырттан әкелінетін тауарларға салынатын қосылған құн салығы	9490000
2	Акциздер	10412879
19	Бензин	5996435
29	Өңделмеген мұнай	4416444
3	Табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	12907850
5	Ішкі жер қойнауын пайдаланушылардан алынатын бонустар	2700000
6	Ішкі жер қойнауын пайдаланушылардан алынатын роялти	10207850
6	Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар	8320000
1	Кеден төлемдері	8320000
1	Импорт баждары	7400000
9	Басқа да кеден төлемдері	920000
2	Салыққа жатпайтын түсімдер	19920707
1	Кәсіпкерлік қызмет пен меншіктен түсетін кірістер	12735382
2	Занды тұлғалардан және қаржы мекемелерінен түсетін салыққа жатпайтын түсімдер	11639529
3	Мемлекетке тиесілі акциялар пакеттеріне дивидендтер түсімі	2200000
6	Республика ішінде берілген қарыздар мен несиелер үшін алынған проценттер	1044529
10	"Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін жалгерлік төлем	8395000
3	Меншіктен алынатын басқа да кірістер	1095853
4	Шетелдік мемлекеттердің үкіметтеріне мемлекеттік несиелер берілгені үшін алынған проценттер	1092153
9	Меншіктен алынатын басқа да кірістер	3700
2	Әкімшілік алымдар мен төлемдер, коммерциялық емес және ілеспе сатудан алынатын кірістер	1421800
1	Әкімшілік алымдар	224800

8	Мемлекеттік органдар өндіріп алатын төлем (айыппұлдардан басқа)	7800
10	Басқа да әкімшілік алымдары	217000
3	Басқа да төлемдер және коммерциялық емес және ілеспе сатудан алынатын кірістер	1197000
1	Мемлекеттік мүлікті пайдаланғаны үшін төлем	540000
9	Басқа да төлемдер және коммерциялық емес және ілеспе сатудан алынатын кірістер	657000
5	Салыққа жатпайтын өзге де түсімдер	5763525
1	Салыққа жатпайтын өзге де түсімдер	5763525
3	Табиғат қорғау қорына түсімдер	507450
9	Салыққа жатпайтын басқа да түсімдер	5256075
3	Капиталмен жасалған операциялардан алынатын кірістер	39092198
1	Негізгі капиталды сату	30969898
1	Негізгі капиталды сату	30969898
4	Мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіруден түсетін түсімдер	30969898
2	Мемлекеттік қорлардан тауарлар сату	8122300
1	Мемлекеттік қорлардан тауарлар сату	8122300
1	Мемлекеттік материалдық резервтерден тауарлар өткізуден қаражаттың түсуі	6122300
2	Астық өткізуден алынатын түсім	2000000
	II. Алынған ресми трансферттер (гранттар)	922000
4	Алынған ресми трансферттер (гранттар)	922000
2	Сыртқы көздерден	922000
1	Сыртқы көздерден	922000
1	Ағымдағы	922000

Функциялық топ

Функция

Ішкі

функция

Мекеме

Сомасы

Атауы

(мың теңге)

1 2 3 4

5

6



III. Шығыстар		228877075
1	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	31658625
1	Заң шығарушы орган және басқа функцияларға енгізілмеген өзге де органдар, қаржы және салық-бюджет саясаты, шет мемлекеттерге экономикалық көмек көрсетуді қоспағанда сыртқы экономикалық қызмет	21929765
1	Заң шығарушы орган және басқа функцияларға енгізілмеген өзге де органдар	1652383
101	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі	481712
102	Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық Басқармасы	808079
104	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	327232
637	Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі	35360
2	Қаржы және фискальдық қызмет	14978196
226	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	13048789
311	Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті	85000
406	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті	38272
412	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті	1782773
660	Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы	23362
3	Сыртқы экономикалық қызмет	5299186
204	Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі	3939915
208	Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі	247170
226	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	701194
410	Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті	292000
411	Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы Мемлекетаралық Кеңесінің атқару комитеті	14507

	698 Аралды құтқару халықаралық қоры	104400
3	Іргелі зерттеулер	4309657
	222 Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі	4309657
	- Ғылым академиясы	
4	Жалпы сипаттағы қызметтер	3122555
2	Жалпы жоспарлау және статистикалық қызметтер	149546
	228 Қазақстан Республикасының Экономика және	121000
	сауда министрлігі	
	604 Қазақстан Республикасының Стратегиялық	28546
	жоспарлау жөніндегі агенттігі	
3	Жалпы сипаттағы өзге де қызметтер	2973009
	603 Қазақстан Республикасы Президентінің архиві	38306
	617 Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік	19430
	архиві	
1	621 Қазақстан Республикасының жоғары және орталық	28062
	мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру	
	жөніндегі мемлекеттік комиссиясы	
	646 Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы	16538
	Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты	
	680 Қазақстан Республикасы Президентінің күзет	1333128
	қызметі	
	694 Қазақстан Республикасы Президентінің Іс	427892
	Басқармасы	
	696 Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің	1109653
	Шаруашылық Басқармасы	
5	Басқа санаттарға жатқызылмаған жалпы сипаттағы	2296648
	мемлекеттік қызметтер	
	676 Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы	2000000
	690 Қазақстан Республикасы Орталық сайлау	296648
	комиссиясы	
2	Қорғаныс	16314210
1	Әскери мұқтаждармен байланысты қызмет	15190607
1	Әскери мұқтаждар	15190607
	208 Қазақстан Республикасының Қорғаныс	14573154
	министрлігі	
	678 Республикалық ұлан	617453
4	Басқа санаттарға жатқызылмаған қорғаныс	1123603
	саласындағы қызмет	
	308 Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар	1123603

	жөніндегі мемлекеттік комитеті	
3	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік	21643247
1	Ішкі істер органдары	3277321
	201 Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі	687389
	624 Ішкі әскерлер бас басқармасы	2589932
2	Соттар және прокуратура	4116087
	221 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі	2391331
	501 Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты	180500
	502 Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы	1544256
3	Қылмыстық-атқару жүйесі	2628859
	623 Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі бас басқармасы	2628859
4	басқа санаттарға жатқызылмаған қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік	11620980
	303 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті	3929462
	402 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті	5633472
	410 Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті	2043879
	635 Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Ақпаратты қорғау жөніндегі мемлекеттік техникалық комиссиясы	14167
4	Білім	14774640
1	Мектепке дейінгі білім беру	667756
	208 Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі	40159
	215 Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі	186669
4	224 Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі	402480
	303 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті	3344
	696 Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің Шаруашылық Басқармасы	32262
	697 Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасының Медициналық орталығы	2842
2	Бастауыш және орта білім беру	705593

	215 Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі	303370
	224 Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі	402223
4	Арнаулы орта білім беру	785949
	201 Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі	198208
	203 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі	115285
	208 Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі	125381
	224 Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі	261471
	226 Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	77427
	640 Қ.Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті	8177
5	Кадрларды кәсіби даярлау	178886
1	Кадрларды қайта даярлау жөніндегі оқу орындары мен курстар	178886
	203 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі	79971
	204 Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі	1211
	213 Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	3321
	221 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі	4139
	222 Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы	16766
	224 Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі	31854
	226 Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	1620
	641 Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университеті	16621
	648 Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін көтеру институты	23383
6	Жоғары білім беру	10008296
	201 Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі	237050
	203 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі	1157458
	204 Қазақстан Республикасының Сыртқы істер	36279

	министрлігі	
	208 Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі	791841
	224 Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі	5983729
	226 Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	37824
	402 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті	261413
	410 Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті	141246
	611 Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық жоғары мемлекеттік басқару мектебі	31287
	640 Қ.Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті	194245
4	641 Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университеті	1100000
	645 Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Менеджмент, Экономика және Болжамдау институты	35924
7	Деңгейлері бойынша айқындалмайтын білім беру саласындағы қызметтер	1979453
	224 Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі	1660644
	299 Басқа ұйымдар	318809
8	Білім саласындағы қосалқы қызметтер	79509
	203 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі	855
	315 Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі	5114
	224 Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі	46380
	225 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	10551
	228 Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі	16609
9	Басқа санаттарға жатқызылмаған білім саласындағы жұмыс пен қызметтер	369198
	224 Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі	369198
5	Денсаулық сақтау	6334615

1	Ауруханалар	3069370	
1	Кең профильді ауруханалар	2782811	
	203 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі	1692639	
	215 Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі	200000	
	697 Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасының Медициналық орталығы	890172	
3	Медициналық орталықтар мен перзентханалар	18923	
	203 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі	18923	
5	Басқа ішкі топтарға жатқызылмаған аурухана мекемелерінің жұмысы мен қызметі	267636	
	201 Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі	90842	
	208 Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі	85300	
	303 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті	81044	
	678 Республикалық ұлан	10450	
2	Емханалар және дәрігерлер, тіс дәрігерлері мен орта медициналық қызметкерлердің қызмет көрсетуі	125034	
	203 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі	99212	
	410 Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті	25822	
3	Халықтың денсаулығын сақтау	1669577	
	201 Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі	76580	
	203 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі	1453634	
	208 Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі	15627	
	402 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті	7952	
	410 Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті	11580	
5	697 Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасының Медициналық орталығы	104204	
4	Дәрі-дәрмектер, медициналық жабдықтар мен аспаптар және дәрігердің нұсқамасы бойынша пайдаланылатын басқа да өнімдер	774000	

	203 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі	774000
6	Денсаулық сақтау саласындағы басқа санаттарға жатқызылмаған жұмыс пен қызмет	696634
	203 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі	696634
6	Әлеуметтік сақтандыру және қамсыздандыру	8943802
1	Әлеуметтік сақтандыру	8614877
2	Зейнетақы бағдарламалары	5932982
	201 Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі	2834800
	208 Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі	2294820
	303 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті	208421
	402 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті	182902
	410 Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті	412039
6	Әлеуметтік көмектің басқа да түрлері	2681895
	213 Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	1256476
	215 Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі	1425419
3	Әлеуметтік қамсыздандыру	258406
2	Әлеуметтік қамсыздандыру - интернат үлгісіндегі басқа да мекемелер	24090
	213 Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	24090
5	Интернат үлгісіндегі мекемелер арқылы көрсетілмейтін әлеуметтік қамсыздандыру қызметтері	234316
	213 Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	234316
4	Басқа санаттарға жатқызылмаған әлеуметтік сақтандыру мен әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы қызмет	70519
	213 Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	70519
8	Демалысты ұйымдастыру және мәдениет саласындағы қызмет	7311757

1	Бос уақыт пен демалысты ұйымдастыру	1092041
	224 Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі	1086764
	696 Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің Шаруашылық Басқармасы	5277
2	Мәдениет саласындағы қызмет	1642153
	224 Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі	1642153
8 3	Теледидар және радиохабарлар, баспа мекемелері мен қызметтері	4577563
	215 Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі	1464540
	636 Қазақ мемлекеттік ақпарат агенттігі	13200
	650 "Қазақстан телевизиясы және радиосы" корпорациясы	1803093
	656 "Мир" мемлекетаралық теле-радио компаниясы	31930
	664 Қазақстан Республикасының Баспа және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі	788405
	689 Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Хабар агенттігі" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	476395
9	Отын-энергетика кешені	1093000
1	Отын	1093000
1	Көмір және қатты қазба отынның басқа да түрлерін өндіру	1093000
	699 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік медетші банкі	1093000
10	Ауыл, су және орман шаруашылығы, балық аулау, аң аулау және табиғат қорғау	9827256
1	Ауыл шаруашылығы	8470092
1	Ауыл шаруашылық жерлері мен су ресурстарын басқару	293350
	225 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	293350
2	Жер реформалары және жерге орналастыру	600000
	225 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	600000
3	Ауылшаруашылық тауар өндірушілерін қолдау	4889000
	225 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	4889000



5	Малдәрігерлік қызмет көрсету	1451999	
	225 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі		1451999
6	Ауылшаруашылық зиянкестерімен күрес	971033	
	225 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі		971033
7	Басқа санаттарға жатқызылмаған ауыл шаруашылығы саласындағы қызмет	264710	
	225 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі		264710
2	Орман шаруашылығы	869914	
	222 Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы		2370
	225 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі		867544
3	Балық аулау және аң аулау	90000	
	225 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі		90000
4	Ауыл шаруашылығы саласындағы зерттеулер және тәжірибелер жасау		5580
	222 Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы		5580
11	Басқа санаттарға жатқызылмаған ауыл шаруашылығы, балық аулау, аң аулау және табиғат қорғау саласындағы жұмыс және қызмет		391670
	227 Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі		391670
11	Кен өндіру өнеркәсібі және отынды қоспағанда пайдалы қазбалар; өңдеу өнеркәсібі; құрылыс		4241000
1	Кен өндіру өнеркәсібі және отынды қоспағанда пайдалы қазбалар		107000
	222 Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы		107000
3	Құрылыс	2980000	
	228 Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі		60000
	667 Екінші сатыдағы банк	2920000	
4	Басқа санаттарға жатқызылмаған кен өндіру өнеркәсібі және пайдалы қазбалар өңдеу		1154000

	өнеркәсібі және құрылыс саласындағы жұмыс пен қызмет	
	229 Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі	1154000
12	Көлік және байланыс	261259
2	Су көлігі	80173
2	Су көлігін пайдалану	80173
	215 Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі	80173
7	Байланыс жүйелері	117983
	215 Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі	117983
8	Басқа санаттарға жатқызылмаған көлік және байланыс саласындағы қызмет	63103
	215 Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі	63103
3	Экономикалық қызметпен байланысты басқа да қызметтер	27941887
3	Көп мақсатты даму жобалары	1904040
	104 Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің Кеңесі	1849860
	225 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	54180
4	Жалпы еңбекті ұйымдастыруды қоспағанда жалпы шаруашылық және коммерциялық қызмет	5383134
	227 Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі	721182
	228 Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі	4518298
	229 Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі	115108
	605 Қазақстан Республикасының Стратегиялық ресурстарды бақылау жөніндегі агенттігі	28546
5	Жалпы еңбекті ұйымдастыру	572760
	213 Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	572760
3 6	Басқа санаттарға жатқызылмаған экономикалық қызметпен байланысты өзге де қызметтер	20081953
	221 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі	464400

	224 Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі	425211
	225 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	154800
	226 Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	7148500
	299 Басқа ұйымдар	11839042
	693 Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың Қазақстандық орталығы	50000
4	Негізгі топтарға жатқызылмаған шығыстар	78531777
1	Мемлекеттік міндеттемелермен жасалатын операциялар	13147822
1	Проценттер төлеу	12743502
	226 Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	12743502
2	Мемлекеттік заемдарды орналастырумен және оларды қайта қаржыландырумен байланысты шығыстар	404320
	226 Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	404320
3	Мемлекеттік органдардың әртүрлі деңгейлері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттер	65383955
	105 Әкімдер аппараты	25743955
	132 Қарағанды облысының әкімі	140000
	213 Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	36000000
	226 Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	3500000

Функциялық топ

Функция

Ішкі

функция

Мекеме

Сомасы

Атауы

(мың теңге)

---

1	2	3	4	5	6
---	---	---	---	---	---

---

	IV. Несиелендіру мен шегерілген өтелу	22387852
	Несиелендіру	30769083
14	2 Несиелендіру	30769083

1	Ішкі көздерден ішкі несиелендіру	19644195
	131 Шығыс Қазақстан облысының әкімі	1109142
	215 Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі	1181124
	225 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	874304
	226 Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	10104399
	229 Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі	172000
	666 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік экспорт-импорт банкі	2205536
	699 Қазақстан Республикасының мемлекеттік медетші банкі	3997690
2	Сыртқы көздерден ішкі несиелендіру	10696680
	129 Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі	117028,8
	130 Алматы қаласының әкімі	425622,6
	131 Шығыс Қазақстан облысының әкімі	549540
	132 Қарағанды облысының әкімі	153948,6
	203 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі	890100
	215 Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі	2917206
	225 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	4167216
	228 Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі	87462
	229 Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі	1210536
	666 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік экспорт-импорт банкі	178020
3	Сыртқы несиелендіру	428208
	226 Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	428208
	Өтеу	-8381231
5	Мемлекеттік кәсіпорындардың заемдары мен қарыздарын өтеу	-8381231
1	Ішкі несиелендіруді өтеу	-6613900
2	Банктер мен банктік емес қаржы мекемелерін қоспағанда ұйымдардың өтеуі	-3913900
2	Мерзімі кешіктірілген берешекті және	-413900

	директивалық несиелер бойынша проценттерді қайтару	
3	Ішкі республикалық есептеме бойынша несиелер жөнінде мерзімі кешіктірілген берешекті қайтару	-300000
4	Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қолдау қорына берілген орталықтандырылған несиелер жөніндегі мерзімі кешіктірілген берешекті қайтару	-3200000
4	Банктер мен банктік емес қаржы мекемелерінің өтеуі	-2700000
1	Банктер мен банктік емес қаржы мекемелерінің өтеуі	-2700000
5 2	Сыртқы қарыздар бойынша борыштарды өтеу мақсатымен жүргізілген ішкі несиелендіруді өтеу	-1767331
2	Ұйымдардың өтеуі	-1767331
1	Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдік берген заемдар бойынша өтеу	-1767331
	V. Бюджет тапшылығы	-63673998
	VI. Қаржыландыру	63673998
6 1	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	2500000
2	Басқа да қаржыландыру көздері	61173998